

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті жаңындағы Диссертациялық кеңеске ұсынылған «6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Манабаев Бағдат Маханұлының «**Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 қ. б. ж.) орны мен маңыздылығы**» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ресми рецензент - PhD докторы Мамбетбаев Қайрат Жолдыбайұлының

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Қазақ халқының ұлттық болмысы, дәстүрлі діні мен ділі, әдеби тілінің қалыптасу ерекшеліктері қазақ даласынан шыққан Әбу Наср Әл-Фараби, Йассауи, Қауамиддин Амир Кәтиб әл-Итқани, Хусамиддин әс-Сығанаки, Махмуд Қашқари, Жұсіп Баласағұн, Абай мен Шәкәрім секілді т.б руханият көсемдерінің қалдырған ғылыми мұралары мен ілімдерінен тұрады. Еліміз егемендікке қол жеткізgelі қазақ халқының сенімі мен діни танымына қатысы бар тарихи тың мұралар анықталуда. Олардың көпшілігі отандық дінтану мен исламтануға қатысты өзекті мәселелерді қамтиды.

Бүгінгі таңда Қазақстан халқы, әсіресе діни сауаты төмен жас буынның дінге деген құлышыныстары өте жоғары көрсеткішті құрап отыр. Олардың әртүрлі деструктивті діни-саяси ағымдардың жетегінде кетуіне жол бермеудің бірден-бір жолы – дәстүрлі дініміз негізінде жазылған діни-ғылыми мұраларымызды зерттеп-зерделеп, оларды ғылыми айналымға енгізу.

Ата-бабамыз ұстанған дәстүрлі ислам принциптерін негізге алу, жат діни идеологияларға қарсы төтеп беретін жолдардың бірі еkenі даусыз. Осы тұрғыдан алғанда Б.Манабаевтың «Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 қ. б. ж.) орны мен маңыздылығы» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысы атаптың мақсатқа қызмет етеді деп есептеуге болады.

Диссидент зерттеу нысаны ретінде Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің еңбегі «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» қолжазбасын таңдаған. Бұл қолжазба Мысыр елінің ханафи ғұламасы әйгілі Әбу Жағтар ат-Тахаудің «фіқіһ» ислам құқығы бойынша жазылған «Мұхтасар ат-Тахауи» атты кітабына түсіндірмесі еkenі мәлім. Диссидент зерттеуінде ғұламаның фіқіһ саласындағы «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» атты еңбегінің мемлекет деңгейінде дәріптелгендейтін, Қарахан басшыларының діни саясат жүргізуде осынау еңбекті басшылыққа алғанын дәлелдеуге тырысқан.

Зерттеу жұмысының ғылыми жақалығы мен теориялық мәнділігі

Б. Манабаев зерттеу тақырыбына қатысты методология негізінде – семантикалық-этимологиялық, палеографиялық, кодикологиялық,

теологиялық талдау және хронологиялық саралау сынды тәсілдерді орнымен пайдалану нәтижесінде, бірқатар ғылыми тұжырымдар мен ғылыми жаңалықтарға қол жеткізген.

Атап айтқанда:

1. «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» шығармасы бірнеше исбиджабтық ғұламаға телініп келген. Бұл пікірдің дұрыс не бұрыс екенін айқындау мақсатында әл-Исбиджабидің ислам құқығы «фіқһ» саласында жазған еңбегін дәйектеген (артибуциялаған).

2. X-XIV ғасырларға тиесілі «Чакар-Диза» мазарынан анықталған жаңа құлпытас жазуларын тың дерек ретінде зерттеп қарастырып, ғылыми айналымға ұсынған.

2. XI-XII ғасырлардағы Исбиджаб және Самарқан қалаларындағы әлеуметтік, мәдени өмір көріністерінің жаңа сипаттарын айқындаған.

4. XI-XIII ғасырлар аралығында Қарахан мемлекетінің жүргізген діни саясатына зерттеу жасап, ғылыми тұрғыдан алғаш рет тұжырым жасаған.

5. Исбиджаб қаласынан шыққан 17 ғұлама есімін анықтаپ, оларды жеке-жеке қарастырған. Соның ішінде ‘Али ибн Мұхаммад Әл-Исбиджабидің өмірі мен қайраткерлігіне қатысты деректерді зерделеп, оның «мұжтахид» дәрежесіне жеткен ғұлама екендігін дәлелдеген.

6. Шығарманың сақталған нұсқалары мен ондағы уақыф мөрлері, жеке мөрлер (экслибристер), колофон, форзац, нахзаң және фронтиспис мәліметтерінен шығарманың «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» таралу кеңестігін айқындаған.

7. Ғұламаның «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» еңбегін жазуда қандай жанрды қолданғанын анықтаған.

Ізденушінің диссертацияда көрсеткен тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және олардың шынайылық дәрежесі

Диссиденттант өзінің диссертациялық жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелерді, қорытындылар мен тұжырымдамаларды негіздеуде тарихи биографиялық әдебиеттер – «табақат және тараджим», ислам құқығына қатысы бар орта ғасырлық ғұламалардың фиқһ еңбектерін, қасиетті Құран кәрім, хадистер жинағы мен шетелдік және отандық ғылыми еңбектерді қолданған. Б. Манабаев «Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 қ. б. ж.) орны мен маңыздылығы» атты тақырыбын зерттеу барысында жоғарыда айтылған еңбектер мен әдебиеттерден бөлек әлі де толыққанды зерттеліп, жарыққа шықпаған қолжазба әдебиеттерді де молынан пайдаланған. Сонымен қатар орта ғасыр қарахандықтар кезеңіне қатысты жазылған біршама шетелдік француз, түрік, неміс, араб және өзбек тілдерінде жазылған докторлық диссертацияларға да жүгіне отырып, зерттеудің проблемалық мәселелеріне қатысты тоқталып, сараптама жасаған. Жүргізілген бірқатар зерттеулерге ғылыми-теориялық негіздеме бере алған.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі және дәйектелу деңгейі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сай деуге болады.

Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Бірінші ғылыми нәтижесе. Қазақ топырағынан шыққан ‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің ислам құқығы (фикх) саласында жазған шығармасы – «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» бүгінде анықталған жаңа дерек екендігі дәиектелді. Бұл дерек Қазақстанның XI-XII ғасырларда орын алған тарихи оқиғаларын орнын толықтыруды маңызды орынға ие екендігі баяндалған.

Екінші ғылыми нәтижесе. Әл-Исбиджабидің ғасыры Қарахан (382–607/992–1211) мемлекетінің билік еткен тұсына дәл келеді. Қазақстан тарихының Қарахан кезеңі бойынша деректердің жеткіліксіз екендігін негізге алғанда, Қарахан басшыларының тұсындағы Исбиджаб және оған көрші өнірлердегі ислам дінінің жергілікті тарихи болмысын зерттеуде аталмыш дереккөздің айрықша маңызға ие екенін байқатады.

Үшінші ғылыми нәтижесе. Ханафи мәзһабына негізделген дәстүрлі дінімізді қайта жаңғыртып, өскелең ұрпақты түрлі теріс бағыттағы діни идеологиялардың тарапуының алдын алу мен діни экстремизм және радикализмнен сақтауда әл-Исбиджабидің «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» атты еңбегін басшылыққа алудың маңыздылығын білдірген. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының исламтану мамандығында және діни медреселерде оқытылып жатқан шариғи ілімдерді шәкірттердің лайықты менгеруі алдымен, көне фикіри еңбектердің авторларын, олардың дәлелді келтіру әрі тұсіндіру тәсілдерін менгеруде әл-Исбиджаби пәтуалары мен еңбегін менгеру қажеттілігі білдірілген.

Төртінші ғылыми нәтижесе. Қарахан мемлекетінің екі жарым ғасырға созылған діни саясат жүргізудегі принциптері мен ұстанымдарының бір қыры айқындалған. Диссертан оны ол – рационалды, толерантты, даналыққа негізделген көреген және жүйелі діни саясат жүргізе білгендіктері тұжырымдаған.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны концептуалды тұрғыда тұтасталғандығымен ерекшеленеді. Бөлімдер мен бөлімшелердің арасында логикалық байланыс бар, жүйелілік пен бірізділік сақталған.

Сондықтан диссертациялық жұмыстың методологиясы бар, біртұтас кешенді ғылыми жұмыс деп айтуға негіз бар.

Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертациялық жұмыстың жоғарыда атап өтілген жетістіктері мен нәтижелерін атаумен қатар, төмендегідей ескертпелер мен ұсыныстарды да атап өткен жөн болар:

1. Ғылыми жұмыстың негізгі зерттеу нысаны Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабидің «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» атты қолжазбасы болғандықтан,

диссертацияның негізгі тақырыбына осынау қол жазбаны енгізу орынды болар еді.

2. Зерттеу жұмысында орфографиялық кемшіліктер орын алғаны байқалады.

3. Екінші тараудың 2.2 шығарманың құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталу барысында сілтемелерді аз көлтіргені байқалады.

4. Диссертацияда қолжазбаларға кодикологиялық сипаттама жасау барысында «фирист, фронтиспис, форзац және нахзац» сияқты терминдердің мағыналарын ашып көрсетпеген. Жақша ішіне мағыналарын ашып бергенде орынды болар еді.

5. Зерттеу жұмысының тұжырымдарында шашыраңқылық байқалып, жүйелеуді қажет етеді. Кейбір түйінді ойлар мен сөйлемдер диссертацияда бірнеше рет қайталанып келген.

Алайда жоғарыда көрсетілген ұсыныстар мен кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу деңгейіне, жалпы ғылыми маңыздылығы мен құндылығына нұқсан көлтірмейді.

Диссертациялық жұмыс ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі

6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Манабаев Бағдат Маханұлының «Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы ‘Али ибн Мұхаммадәл-Исбиджабидің (535/1141 қ. б. ж.) орны мен маңыздылығы» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны және рәсімделуі ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толығымен лайық деп санаймын.

**«Нұр-Мұбәрак» Египет ислам мәдениеті университетінің оқу-әдістемелік мешітінің
Бас имамы PhD докторы:**

Қ.Ж. Мамбетбаев



Ж. Ж. Мамбетбаев тұзу

Хадиим Растанайшем

М. Мамбетбаев